

- 3 Геродот. История / пер. и прим. Стратановского Г. А. В 9 т. Т 6. – Л.: Наука, 1972, 547 с.
- 4 Страбон. География / пер. и прим. Стратановского Г. А. В 17 т. Т 11. – Л.: Наука, 1964, 940 с.
- 5 Геродот. История / пер. и прим. Стратановского Г. А. // В 9 т. Т 4. – Л.: Наука, 1972.
- 6 Григорьев В.В. О скифском народе саках. – СПб, 1871, 202 с.
- 7 Постников М.М. О достоверности древней истории // Математическое образование, 1997, №2.
- 8 Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: 1963, 320 с.
- 9 Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н.э. – Тр. ХАЭЭ. VIII. - М., 1973, 160 с.
- 10 Струве В.В. Поход Дария I на саков-массагетов // Изв. АН СССР. сер. ист. и филос., 1946. Т. 3. №3.
- 11 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: ЛГУ, 1951, 254 с.
- 12 Бейсенов А.З. Поселения и могильники сакской эпохи центрального Казахстана // Сборник научных статей, посвященный памяти археолога К. А. Акишева «Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии». – Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015.
- 13 Бейсенов А.З., Исмагулова А.О., Китов Е.П., Китова А.О. Население Центрального Казахстана в I тысячелетии до нашей эры. – Алматы, 2015, 188 с.
- 14 Смагулов Т.Н., Пересветов Г.Ю., Айлыбаев Т.К. Предварительные итоги раскопок курганов раннего железного века у п. Кызылтан // Сборник материалов «Маргулановские чтения – 2014». – Алматы-Павлодар, 2014.
- 15 Скредлинг А. В. ВКО нашли поселение оседлых саков // Новостной портал «Экспресс К», 2019. <https://exk.kz/news/222/v-vko-arkhieologhi-nashli-posielieniie-osiedlykh-sakov>
- 16 Толеубаев А.Т., Жуматаев Р.С., Омаров Г.К., Шакенов С.Т., Бесетаев Б.Б., Ергабылов А.Е. Результаты археологических исследований 2019 г. на могильнике Елеке сазы 2 // Сборник материалов «Маргулановские чтения – 2020». – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. Т. 2.
- 17 Иванов С.С. Этнокультурные взаимосвязи ранних кочевников Притяньшанья и Алтая в скифо-сакскую эпоху // Мир Большого Алтая, 2016.

ЕЛ БИЛЕГЕН ОРНЫ ДАРА ТОҒЫМ ХАН

Нұрмұратов Ж.Е.

Ғылыми жетекшісі: Кобесова А.С.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

zanyrysnrmatov@gmail.com

Бұл мақаланы жазудағы мақсатым қазіргі кезге дейін толық бағаланбай келе жатқан орта ғасырларда өмір сүрген Тоғым ханның қазақ тарихындағы орнын өскелең ұрпаққа насихаттау. Қазақ тарихындағы бірінші азаматтық соғыс кезінде хандыққа келген Мамаш, Тахир, Бұйдаш, Тоғым, Ахмед хандар туралы біреу білсе, кейбіреулері біле бермейді. Олардың өмірі жайлы деректер аз. Негізгі деректер сол заманда өмір сүрген Махмұд ибн Уәли, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаиридің еңбектерінде көптеп кездеседі. Бұл мақала сол уақытта өмір сүрген – Тоғым хан жайлы болмақ. Тоғым ханның өмірі жайлы айту үшін, алдымен азаматтық соғыстың шығу тарихын білу керек деп ойлаймын. Айбарлы

Қасым ханнан соң қазақ хандығының тағына оның үлкен ұлы Мамаш хан отырады. Оның билеу оқиғалары туралы мәліметтер аз. Бізге белгілісі ол тақта екі жыл отырып өзара қырқыстардың бірінде қаза табады делінген.

Қазақ Ордасының ұлы ханы болып Әз-Жәнібектің тағы бір немересі, Жәдік Сұлтанның баласы Тоғым (1533-1537 жылдар) ақ кигізге көтеріліп хан сайланады. Дегенмен осы кезеңде Тайыр хан билік құрған он жыл ішіндегі келеңсіз істер ел ішіне терең іріткі салынып, ұлы хандықтың іргесі шайқалып, әрбір өңірде жеке хандар билік құра бастаған кезең болған екен. Мысалы Әдік сұлтан ұлы Бұйдаш хан Жетісу өңірін билесе, Жаныш сұлтан ұлы Ахмет хан Сырдария маңында билік құрған делінген. Тайыр ханның қабілетсіз билігі Қазақ хандығының өркендеу дәуірін тежеп, елдің дамуына үлкен нұқсан келтірген. Дегенмен, бір кездегі Керей мен Жәнібек негізін салып, Бұрындық хан мен Қасым хан әрі қарай нығайта шындалған Қазақ мемлекетінің хандық қасиеті көшпелі арнасынан әлі де айрыла қойған жоқ еді. Тоғым хан «қар жастанып, мұз төсене» жүріп, береке-бірліктен айырылып, бытырай бастаған қазақ ұлыстары мен қырғыз елінің басын қосып, қайтадан бір арнаға ұйыстыруға бар еңбегін салды. Қазақ хандығының әскери-саяси күш-қуатын қайтадан қалпына келтіру үшін жан аямай тер төкті. Тоғым ханның тағдырына орай, Қазақ хандығын тарих сахнасынан біржола өшіріп жіберуге ұмтылған дұшпандары аз болмады. Бір жағынан қалмақ, моғол, бір жағынан өзбек дамылсыз соғыс салып, қыспаққа алды.

Қазақ Ордасының күлін көкке ұшыруды көксеп, өзара одақ құрған өзбек ханы Ұбайдолла мен моғол ханы Әбдірәшид 1537 жылдың жазында бірі Мәуеренахр жақтан, бірі Шығыс Түркістаннан лап берген. Жау хабарын естіген Тоғым қазақ пен қырғыздың біріккен жасағымен шеп құрдырған. Моғол мен өзбектің жер қайысқан әскері Ыстықкөл маңында қосылып қол біріктіре дайындалған. Тарих бойынша, 944 жылы, он сегіз сафар, яғни 1537 жылдың жиырма жетінші шілдесінде Тоғым ханның тас түйін әскері басқыншыларға қарсы шайқасқа шықты. Бірақ күш тең емес еді. Өзбек пен моғолдың одақтасқан әскері қазақ-қырғыз жасағынан қаншама есе көп еді және күш тең емес еді. Жау әскерінің сан жағынан сөзсіз басымдығын біле тұра, Тоғым хан ерлік пен батылдық сынға түскен үлкен шайқасқа, қайтпас қайсар ерлік те көрсеткен. 1537 жылдың жиырма жетінші шілдесінде таң азаннан, түн қараңғылығына дейін созылған қоян-қолтық шайқаста қазақ-қырғыз жасағы түгелге дерлік қырғынға ұшыраған. Халықтың еркіндігі жерінің бостандығы жолында көзсіз ерлікке басшылық жасаған қазақ-қырғыз әскер басы – Тоғым хан басқарған отыз жеті сұлтан ұрыс даласында мерт болады. Оның ішінде Тоғым ханның тоғыз ұлы бірдей қыршын кетті. Халқымыздың тарихындағы толып жатқан ақтандақтың бірі – елінің ертеңі үшін ондаған мың боздақтар жер жастанған осынау Санташ соғысы. Тарихшылар осы бір сұрапыл жылдардың ақиқатын ашып, одан тараған тоғыз ұл, бүкіл әулетімен қазаға ұшыраған Тоғым ханның өшпес ерлігінің шежіресін жасауы керек деген тұжырымды ғалымдар мен тарихшылар айтқан [1,386-392 б.].

Тарихшы Мұхамед Хайдар Дулатидің айтуынша бұл оқиға 1522 жылы болған. Мамаш хан өлген соң билік үшін қазақ сұлтандары арасында соғыс басталды. Таққа Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтанның ұлы Тахир сұлтан отырады. Оның немере ағасы Қасым хандай ықпалы болған жоқ. Тахир ханның әскери де, дипломатиялық талантты да жоқ болатын. Ол өзінің қатігездігімен белгілі болған. Хандықтың ішкі, сыртқы саясатында оның сәтсіздіктері өте көп болған. Тіпті Қасым ханды қолдаған Ноғай ордасымен де ара-қатынасы қиындап, ақыры олармен соғысқа әкелді. Бір айта кетерлік мәлімет дәл осы Тахир ханның тұсында қазақ-қырғыз одағы дүниеге келді. Махмуд ибн Уәлидің айтуынша Тахир ханға қазақтардан көрші қырғыздар адал болды делінеді. Қазақ-қырғыз одағын басқарған Тахир хан маңғыттармен соғыс салды. Одан соң Шайбани әулетімен араласты. Оның басты себебі Шайбани әулеті жіберген елшілерді тұтқынға алуы еді. Махмұд ибн Уәли «Арамзалық пен тұрақсыздық бойын билеген Тахир хан Шайбани ұрпағы Келді-Мұхамед сұлтанның елшілерін тұтқынға алды. Сөйтіп қайғы-қасірет қақпасын ашып бүлік пен бүлдіргі туын

ұстап сұлтанның иеліктеріне жорыққа шыққан. Бірақ Келді-Мұхамед суық пен аязға карамастан ханға қарсы жорыққа шықты. Негізгі шайқас Түркістан маңында Тахир ханның жеңілісімен аяқталды.»-деп жазады. Оның өмірінің соңғы жылдары қырғыздардың арасында өтті. Мұхаммед Хайдардың дерегінде Тахир хан жолшылықта жоқшылықта дүниеден өткен делінген. Енді таққа оның інісі Бұйдаш отырды. «Тарих-и-Рашиди» авторының айтуынша Бұйдаш хан Жетісу аймағында билік етті. Оның қол астында 30 мыңға жуық адам болды делінген. Дәл осы тұста Бұйдаш ханмен қатар Тоғым, Ахмед хандарда бірге айтылады. Өйткені осы кезде қазақ хандығын үш хан басқарды. Бұйдаш хан Жетісуда, Тоғым хан орталықта, оңтүстікте, Ахмед хан елдің батысында билік етті. Қадырғали бек « ол елде Бұйдаш ханнан басқа ұсақ хандар болды» деп жазады[1, 386-392 б.].

Моғол-өзбек одағының Қазақ хандығына қарсы құрылуы да болған. Мұхамед Хайдар Дулатидің айтуынша Жаркент тағына Саид ханның үлкен ұлы Абд ар-Рашид хан отыруына байланысты (1533 жылғы шілде) моғолдар мен қазақтардың өзара қатынастарында күрт өзгеріс туды. Моғолдың жас ханы өзінен бұрынғы хандардың қазақтарға ұстанған саясатын өзгертті. Жас оғлан Қазақ хандығының Қасым хан кезіндегідей айбаты жоқ екенін білді. Сондықтан ол туыстық қарым-қатынастарды ысырып қойып өзіне қолайлы саясат ұстанды. Оның саясаты Жетісу аумағынан қазақтарды ығыстырып бұл аумаққа өз ықпалын күшейту болды. Бұл кезде Жетісу да Бұйдаш ханның ұлысы тұрған еді. Рашид хан Жетісу аумағы үшін Бұйдаш ханмен соғысты. Өз кезегінде Бұйдаш хан моғолдардан басқа Жетісуді көздеген қалмақтармен соғысуға тура келді. Дәл осы кезде өзбектер ханы Убайдолла Сырдария қалалары үшін Тоғым ханмен соғысты. Сонымен қазаққа қарсы үш майдан ашылды. Бұл әрекеттер болашақ моғол-өзбек одағының қалыптасуының басы еді. Убайдолла мен Рашид хандардың мақсаты-бірлігі кеткен Қазақ хандығын талқандау және Қасым хан кезіндегідей күшке айналуына жол бермеу болатын.

Осындай аласапыран уақытта елдің орталығында Тоғым хан билікке келді. Оның карамағына елдің орталығы мен оңтүстігі, Сырдария бойындағы қалалар кірді. Еске сала кетсек жоғарыдағы айтылған үш хан үш тараптан кірген жаумен айқасты. Осы кезде қазақ-қырғыз одағы өсе түсті. Тоғым ханға қарсы өзбек ханы Убайдолла шықты. Қазақ хандығына қарсы өзбек ханы Убайдолла мен моғол ханы Әбді-Рашид хан одақ құрды. Осы кезде қазақ, қырғыздар моғол, өзбек, қалмақ, маңғыттармен ұрыс жүргізді. Үш ірі майдан ашылды. Өкініштісі көптеген соғыстар қайғылы аяқталды. Тарихшы Хайдар ибн Уәли моғолдар мен өзбектердің одағы туралы «екі әскер Ыстықкөл ауданындағы Сән-Таш деген жерде қосылды. Ертеңе шайқаста қазақтар жеңіліске ұшырады.» -деп жазады. Деректер бойынша Сән-Ташта Убайдолла мен Әбді-Рашид ханға қарсы қазақ-қырғыз одағын Тоғым хан бастап шықты. Дәл осы шайқаста Тоғым хан мен «тоғыз сары» атанған ержүрек тоғыз ұлымен бірге, жиені Бәшібек сұлтан және атақты отыз жеті сұлтан қаза тапты. Қазақ қырғыз әскері толықтай қырылды. Тоғым ханның немесе інісі Есім хан осы жерге ұлан-асыр ас береді. Мұхаммед Хайдар Дулати осы шайқастан соң қазақ жоғалып кетті деп жазады. Бірақ тарихшы Махмұд ибн Уәли 16 ғасырдың 40-жылдарында қазақтарды құрып кетпегінін және олардың бар екендігін жазған. Осы орайда Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде бұндай деректер бар немесе қалып қойған деп ойлаймын. Бірақ бұл жаңсақтықтың өз себебі бар. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің авторының жаңылысу себебі оның тағдырымен байланысты. Өйткені, Мырза Хайдар 1533 жылы отанынан кетуге мәжбүр болып, Кашмирге кетеді, өзінің атақты тарихын да сонда жазған. Сондықтан Мырза Хайдар 1533 жылдан кейін алыстан қадағалап, көбіне жолшы адамдардан алынған ақпаратты пайдаланған, оның 1537-1538 жылдардан кейін қазақ құрып кеткені туралы ақпаратта ұзынқұлақтан жеткен. Тарихшының негізгі жаңылысу себебі осында. Ал бізге сол замандағы көптеген деректерді жеткізген Махмұд ибн Уәлидің еңбегі «Бахр әл-асрар» деп аталады. Екі тарихшының еңбегінде 16 ғасырдағы оқиғалар нақты жазылған[2, 299-300 б.].

Тоғым ханның дүниеге келуі жайлы мәліметтер жоқ. Оның әкесі Жәнібек ханның баласы Жәдік сұлтан. Жәдік сұлтан өз әкесі Жәнібек ханның, бауыры Қасым ханның кезінде атағы шыққан даңқты сұлтандардың бірі болған. Жәдік сұлтан туралы 17 ғасырда өмір сүрген тарихшы Қадырғали Жалаири «Жәдік хан, Қасым хан заманында белгілі еді. Шағым мырзамен соғысып, Жыланды төбеде бір ұлымен шаһит болған. Оның қабірі Үргеніштегі Бақырған атада жатыр. Сонда жерленген еді»-деп жазады. Осы жерде көңіл аударатын дерек Қадырғали бек Жәдік сұлтанды хан деп атаған. Негізі ол кіші хан болуы мүмкін немесе атақ абыройына байланысты солай аталуы да мүмкін. Қадырғали бектің айтуынша оның көптеген әйелдері мен күндері болды, оның балалары да көп болған. Оның аса даңқты ұлдары: Тоғым хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Соңғы екеуінің шешесі Абайқан Бегім болған. Тоғым ханның ұлдары «Тоғыз сары» деп атаған. Жоғарыда айтылған Башыбек сұлтан Мәлім сұлтанның баласы. Ал Бөкей сұлтанның ұрпақ болмады. Шығай ханның балаларының ішінен Тәуекел хан, Есім хан сияқты әйгілі тұлғалар шыққан. Сонымен Тоғым хан, Тәуекел, Есім хандар туыс болып шығады. Хақназар ханнан кейін хандық билік толықтай Жәдік сұлтанның ұрпағына өтті. 1537 жылы жиырма жетінші шілдедегі ұрыста Тоғым хан оның ержүрек тоғыз ұлы, сұлтандар қаза тапты делінген. Бұл қазақ тарихындағы қаралы күндердің бірі болған. Бұл деректер Қадырғали бектің «жылнамалар жинағы» атты еңбегінде жазылған.

Тоғым хан туралы деректер В.В. Бартольдтің жазбаларында кездеседі. Бартольд Тоғым хан мен Рашид хан арасындағы соғысты зерттеген ғалым. Оның пайымдауынша Рашид хан Тоғым хан бастаған қазақтармен бірнеше рет соғысқан және қазақтардың құртылып жіберілуі мүмкін емес деп жазған. Ол былай тұрсын, В.В.Бартольд «бұл жеңілісімен қазақтар да қырғыздар да ұзақ уақыт бойы әлсіреген жоқ» деп пайымдауына иткен екен. Ал 1537 жылғы соғыста Тоғым хан мен 37 сұлтанның қаза табуын «Жылнамалар жинағы» еңбегінде Қадырғали би ғана хабарлайды. Артынан моғолдардың Хақназар хан бастаған «қазақ-қырғыз» әскерінен жеңіліс тапқаны туралы айтылған деректер де баршылық. Демек Бартольдтің қазақтардың ұзақ уақыт бойы әлсіреген жоқ деген пайымы дұрыс болуы да мүмкін. Ал 1535 жылы Ноғайларда болып қайтқан орыстың мемлекеттік елшісі Данила Губин хатында былай деп хабарлаған: «Ал қазақтар, Патша ағзам, өте күшті деседі, Патша ағзам, Ташкентпен және Ташкент ханзадаларымен соғысты деседі, олармен екі рет шайқасты, қазақтар оларды талқандады деседі.» Жоғары да айтып кеткендей Бұйдаш ханнан басқа кіші хандар да ел билеген екен. Мүмкін сол хандардың шайқасы да болуы мүмкін. Алайда О.Ф. Акимушкин бірқатар тарихи фактілерге сүйіне отырып, моғолдардың қазақтар мен қырғыздар шайқасын 1551-1552, 1555-1556 жылдарға жатқызады. Бұл шайқасты Бұйдаш немесе Хақназар басқарды дейді. Бұн да қазақтар мен қырғыздар жеңілген деп жазады. Ал Бұйдаш хан 1557 жылғы Қазақ сұлтандарының Мауараннахрға жасаған шапқыншылығы кезінде қаза тапқан, оны өлтірген Дәруіш хан деп жазылған[3,3].

Ал Тоғым ханның 1537 жылдан кейін айтылмайды. Демек Сан-Таш шайқасында қаза тапқан. Бұйдаш хан Дәруіш ханмен болған соғыста өзінің бес ұлы және осы бес ұлдан тараған 24 сұлтанмен бірге қазақ тапты. Батысты билеген Ахмет хан Сейдақ бекпен шайқаста қаза тапқан. Қазақ тарихындағы өкінішті және қайғылы, қаралы оқиға. Қазаққа қарсы моғол, өзбек, қалмақ, маңғыт халықтары майдан ашты. Қазақ хандары үш бағытта шайқасуына тура келді. Әрине бұл оқиғалардың көбісі қайғылы аяқталды. Бірақ осы кезде қазақтың жаңа күні туып келе жатқан болатын. Бұл Күн- Қасым ханның баласы айбарлы Хақназар хан болатын. Қазақ хандығын қайта құрап кешегі Тоғым, Бұйдаш, Ахмет хандардың арманын орындады.

Қалай болғанда да Қазақ хандығының тоқырау кезеңінде Тоғым хан берекеті кеткен Қазақ хандығын біріктіруге күш салған. Оған себеп көптеген тайпалардың бағынуы мен билеген аумағының үлкен болуы. Ақыры арманың орындай алмай Сан-Таш шайқасында қаза тапты. Тоғым хан хандықтың құлдырау кезеңінде өмір сүрген. Ол қазақ хандығын қалпына келтіру де аянбай еңбек етті. Сондықтан Тоғым хан өзінің тарихи орнын алуы қажет.

Ал қазақ баласы осындай қиыншылықпен жеткен Тәуелсіздікті бағала. Ата-бабамыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған туған жер біз үшін аманат. Ал оны болашақ ұрпаққа жеткізу біз үшін міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 К.М.Байпақов, М.Қ.Қозыбаев, Б.Е.Көмеков, К.А. Пищулина. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).Бес томдық.2 том.-Алматы: «Атамұра», 1998.-640, 386-392 б.

2 Н. Келімбетов.Ежелгі дәуір әдебиеті(Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғарғы оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық.- Алматы: Атамұра, 2005.-336, 299-300 б.

3 <https://egemen.kz/article/36291-qazaq-khandyghy>

ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ

Ескендилов Д.К.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Жылқыбаев К.Д.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
yeskendirol.dias@mail.ru

VII ғасырдың алғашқы жартысында, яғни 632 жылы Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.у қаза болғаннан кейін орынына мұрагері Әбу Бәкір халиф болып сайланды. Әбу Бәкірден кейін ислам (араб) әлемінің екінші халифі Хазрет Омар 634 – 644 жылдары аралығында үстемдік етіп, Хазрет Омар халифтің өлімінен кейін Осман 644 – 656 жылдар аралығында Араб халифатын басқарды. Көрсетілген үш халиф тұсында ислам діні бүкіл араб түбегіне таралып, Араб ислам мемлекеті күшейіп алпауыт елге айналды еді. Ел болғандықтан қаржыны талап ететіні айдан анық. Осы тұрғыда, араб ақсүйектері өзімен көршілес жатқан елдердің байлығына көз тігіп, «Ислам дінін тарату» деген ұранды желеу етіп, жаулаушылық жорықтарына бет бұрған болатын [1,113б.].

X ғасырда Наршахидің, XIII ғасырда араб географы Якуттың деректеріне сүйенетін болсақ, арабтардың бұған дейін де, кейінгі мақсаты Мауреннахрды жаулап алу болған. Алайда бұл кездің өзінде Мауреннахр саяси бытыраңқылық жағдайды бастан кешіріп жатты. IV – V ғасырларда эфталиттерге бағынған, кейін Түрік қағанатының қол астында болған еді [2, 172б.]. 654 жылы Мауреннахр жеріне діни әрі әскери жорық бастау алды. Араб ақсүйектерінің Орта Азия жерін кең көлемде аймақтарды басып алу үшін өзіндік бір позициялары болған еді. Мысалы ретінде, Куфа, Барсы және Хоросан қала жұрттарына 50 мыңға жуық араб отбасыларын қоныстандырған. Осы тұрғыда, тарихшы Г. Гибтің тарихи жазба деректеріне қарайтын болсақ, Орта Азия жеріне қоныстандырған араб отбасылары екі түрлі қызмет атқарған. Оның біріншісі, жаулап алған жерлерде қауіпсіздікті күшейту, екінші міндет, одан әрі араб әскерлерімен біріге отырып жаулаушылық операцияларына қолдау көрсету болған деп айтылған.

Парсы тарихшысы Наршахидің тарихи жазбалары бойынша, араб әскері Оксузды (Әмударияны) бірнеше рет жүзіп өтіп, Мауреннахр жеріне шабуылдар жасаған. Осы тұста, Бұхара әміршісі араб халифатына қымбат бағалы сыйлықтар беріп, жыл сайын кең көлемде алым – салық төлеп отырған. VII ғасырдың аяғына таман араб жаулаушылары түркі және бұхаралықтардың одақтасқан әскерінен жеңіліске ұшырап, Мауреннахр жерінен кетуден басқа амалы қалмады. Ендігі кезекте Мауреннахр жерін қайта жаулап алу жоспары VIII ғасырдың бас кезінде Хоросан басшысы Кутейбаның тұсында қайта қолға алына бастады. Араб қолбасшысы Кутейба түркі елдері ішіндегі саяси бытыраңқылықты пайдалана отырып, Орта Азия жерін бір жолата басып алуды мақсат етті. Осы мақсат жолында 705 жылы Балх,